

4

Мәдени майдан күрескері



6

Асыл өнердің алтын сандығы



Сырбой

№73 (21148) 21 мамыр, бейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboy.kz

www.instagram.com/syrboy_kz

t.me/syrboy_kz

twitter.com/syrboy

АЛТЫН ОРДА ЖЫЛНАМАСЫ – АДАМЗАТҚА ОРТАҚ ТАРИХ



тарихын зерделейтін түрлі мектеп өкілдерінің басын қосып отыр. Бұл – өте маңызды. Ұзақ жылдар бойы осы іргелі тақырыпты індетте зерттеген ресейлік ғалымдардың рөлін атап өткен әділетті болар еді. Олар Алтын Орданың тыныс-тіршілігін жан-жақты сипаттайтын ғылымның мол қорын жинады. Сонымен қатар Алтын Орда тақырыбы бір ғана мемлекеттің шеңберінде шектеліп қалмай, Қытай, Моңғолия, АҚШ, Үндістан, Пәкістан, Жапония, Қырғызстан, Өзбекстан, Мысыр және бірқатар Еуропа елдері зерттеушілерінің назарын аударып, бүкіл әлемді шарлап кетті десек болады.

– Түптеп келгенде, Алтын Орда жылнамасы – адамзатқа ортақ тарих. Бүгін өтіп жатқан бірегей симпозиум әлемдік ауқымдағы мұраны жүйелі зерттеу жұмысын жаңа сапалық деңгейге көтереді деп сенемін. Осы жерде отырған ғалымдар мен сарапшылар бұл міндетті іске асыруға елеулі үлес қосуда. Бұл маңызды жұмыста сіздер оң нәтижеге қол жеткізесіздер деп сенемін, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Кемелұлы Қазақстан Алтын Орда тарихын әлемдік жылнаманың күрделі, сан салалы кезеңі ретінде қарастыратынын, өйткені бұған атүсті қарауға болмайтын нәтиже жеткізді. Олай болған жағдайда әлемдік тарихтағы осындай бірегей құбылысқа қатысты ұстаным өзгереді. Ал ол мемлекеттер мен халықтар арасындағы қарым-қатынасқа сызат түсіруі мүмкін. Өкінішке қарай, әлемдік маңызы бар ірі тарихи оқиғаларды бұрмалаған мысалдар қазір де кездеседі.

– Геосаяси ахуал құбылып тұрған бүгінгідей заманда соғыстардың қасіретті хронологиясына байланып калмай, адамзат тарихындағы жасампаз кезеңдер мен диалог алаңдарының нәтижелі сәттеріне мән берген жөн.

Әлбетте, бұл оңай міндет емес. Себебі тарлан тарихтың бағзы дәуірлерден бастап қазірге дейінгі шежіресінде соғыстар мен қарулы қақтығыстар өте көп кездеседі. Мұндай көріністің қалыптасуы да түсінікті: бейбіт күндегі күйбең тіршілікті сипаттағанның гөрі қан майдандағы бітпес ұрыстарды жазған әлдеқайда жеңіл. Айтпақшы, Лев Толстойдың атақты «Соғыс және бейбітшілік» романы – бейбітшілікті емес, соғысты егжей-тегжейлі суреттеген шығарма.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен «Алтын Орда – дала өркениетінің үлгісі: тарих, археология, мәдениет, бірегейлік» атты халықаралық симпозиум өтті. Президент симпозиумның ашылу салтанатында сөз сөйлеп, Астанаға арнайы келген қадірлі меймандарға шынайы ризашылығын білдірді. Алдымен сөз сөйлеген атақты ғалымдар мен беделді халықаралық ұйымдардың өкілдеріне алғыс айтты.

Президент Алтын Орда – Еуразияның ұлан-ғайыр аумағын еркін жайлап, Ұлы дала төсінде билік құрған қуатты империя болғанына ешқандай тарихи күмән келтірмейтінін, бұл – мойындалған тарихи дерек екеніне тоқталды.

– Алтын Орда Батыс пен Шығысты жалғап, түрлі өркениеттердің дамуына, мемлекеттердің қалыптасуына ерекше ықпал еткен аса ірі саяси құрылым болды. Бұл да – дәлелденген дерек. Сондықтан Алтын Орда тарихи көптеген іргелі зерттеулерге арқау болғаны анық. Дегенмен бұл тақырып әлі де өзектілігін жоғалтқан жоқ, меніңше, ешқашан жоғалтпайды. Бұл – ұлт жылнамасы мен әлем тарихы үшін өте маңызды мәселе. Біз халықаралық ғылым қауымдастығымен бірлесіп отырып, осы тақырыпты жүйелі әрі жан-жақты зерделеу жұмысын

жалғастыруымыз керек. Бірнеше күнге созылатын іс-шараның негізгі мақсаты да осы, – деді Мемлекет басшысы.

Осы тұста Қазақстанның бастамасына қолдау көрсеткені үшін ЮНЕСКО басшылығына ризашылығын білдіріп, бұл форумға қатысып отырған ЮНЕСКО-ның бұрынғы Бас директоры Одрэ Азуле ханымға алғысын жеткізді. Қазақстан мен ЮНЕСКО арасындағы әріптестікті нығайтуға мол үлес қосқанын атап өтті.

– Симпозиумның осындай беделді жаһандық ұйым аясында өтуі Алтын Орда мұрасының әлемдік ауқымдағы мән-мағынасы зор екенін көрсетеді. Бүгінгі жиынға ЮНЕСКО-ның жоғары деңгейдегі өкілі, Бүкіләлемдік мұралар орталығының директоры Элунду Ассомо Лазар мырза бастаған делегация қатысып отыр.

Жалпы, еліміз ЮНЕСКО-ның қолдауымен көптеген маңызды жобаны жүзеге асырды. Нақты айтқанда, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Тамғалы тас петроглифтері, сондай-ақ бірнеше көне қала бүкіләлемдік мұралар тізіміне енді. Сонымен қатар ұлтымыздың материалдық емес мәдени мұраларын дәріптеу бағытында ауқымды жұмыс жүргізілді. Мәселен, былтыр ғана «Хандар шежіресі» деп аталатын бірегей қолжазба әлемдік деңгейде мойындалды. Бұл – ел билеген тұлғалар туралы мәліметтерді топтастырған, соның ішінде Алтын Орда кезеңін қамтыған құнды құжат. Сондықтан біз байланысымызды одан әрі дамытуға мүдделіміз. Бұл – өзара тиімді, маңызды шаруа, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент атап өткендей, симпозиум Алтын Орда мен Ұлы дала

/// ЕЛ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

НОРМАЛАР ҚҰРЫЛТАЙДА ҚАРАЛАДЫ

Елімізде балалардың онлайн платформаларды пайдалануын реттейтін нормалар пысықталып жатыр. Заң жобасы депутаттардың қарауына Құрылтайдың жаңа сессиясы басталғанда шығарылады. Бұл туралы Мәдениет және ақпарат вице-министрі Евгений Кочетов мәлім етті, деп хабарлады Kazinform.

– Онда 16 жасқа дейінгі балаларға тіркеуден өтуге шектеу болады деген норма бар. Жаңа тетіктерді әдейі заңға енгізіп жатырмыз. Бұл қаламдар қазір мемлекеттік органдармен бірге талқылануда. Бұл құжат әлі Парламентке енгізілген жоқ, – деді Е.Кочетов Парламент палаталарының бірлескен отырысынан кейін тілшілер сұрағына жауап бере отырып.

Кочетовтің айтуынша, кейінгі жылдары Еуропаның көптеген елінде балалардың әлеуметтік желілерді пайдалануына тыйым салатын заңнамалық өзгерістер пысықталды. Мұндай шектеулер Австралияда да күшіне енді.

– Жаңа нормалар Үкімет қарауында. Енді осы нормаларды Құрылтай алаңында талқылаймыз, – деді Кочетов.

ҰЛТТЫҚ БАНК ШЕКТІ ДЕҢГЕЙ ЕНГІЗБЕК

Қазақстанда қарыз алушылардың борыштық жүктемесіне бақылау күшейтілмек. Ұлттық банк 2027 жылдың 1 қаңтарынан бастап қарыз алушының кірісіне қатысты борыш коэффициентінің (КБК) шекті деңгейін енгізуді жоспарлап отыр, деп хабарлайды Egemen.kz

Бұл өзгерістер Ұлттық банк әзірлеген макропродуцентиялық нормативтер мен лимиттер туралы қаулы жобасы аясында қарастырылған.

КБК көрсеткіші 2024 жылдың тамыз айынан бастап мониторингтік режимде қолданылып келеді. Ол азаматтың барлық өтелмеген несиелері мен микрокредиттері, сондай-ақ жаңа қарызды қосқандағы жалпы берешегінің оның жылдық табысына қатынасын көрсетеді.

Ұлттық банк КБК-ның шекті деңгейін қарыз алушының жылдық табысының 8 есесі көлемінде белгілеуді ұсынып отыр, яғни азаматтың жалпы қарызы оның бір жылдық кірісінен сегіз есе көп болмауы тиіс.

Реттеуші органның мәліметінше, бұл шара банктердің жауапты несиелер саясатын күшейтуге, халықтың шамадан тыс қарызға бату тәуекелін азайтуға және қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

ШЕКТЕУ АЛЫНДЫ

Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті «Orda Trade Astana» ЖШС-ның бірқатар шай өнімін әкелу мен өткізуге қойылған шектеулердің күшін жойды.

Ведомствоның баспасөз қызметінің мәліметіне сәйкес, аталған шешім өнімнің өндірісі мен сатылымының барлық кезеңі бақылауда болғанын растайтын құжаттар мен санитариялық-эпидемиологиялық сараптама нәтижелері негізінде қабылданды.

Өнімдер тізбесінде «Апаның шайі Premium gold», «Орда Кения», «Аль-Кайрат шайі Premium gold» бар.

Дайындаған Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР

2024 жылы Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен Қызылорда қаласында халықаралық стандарттарға сай «Қорқыт Ата әуежайының» жаңа жолаушылар терминалы пайдалануға берілген болатын. Бір мезетте 250-ден астам жолаушыға қызмет көрсететін заманауи әуежай арқылы бүгінде аптасына 28 рейс қатынайды. Әуежайдың қазіргі жұмыс барысы туралы Үкімет отырысына селекторлық режим арқылы қатысқан облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев баяндады.

– Облыста жолаушылар тасымалын дамыту – басты міндеттің бірі. Осы жылдың сәуір айына дейін «Қорқыт ата әуежайынан» 63 мыңнан астам жолаушы жөнелтіліп, былтырмен салыстырғанда 58,9 пайызға артқан. Бұдан бөлек, терминалда цифрлық басқару жүйесі енгізілген, яғни барлық операциялар мен процестерді автоматты түрде жүргізуге мүмкіндік бар. Жақында ғана «Вана холдинг» компаниясымен «Қорқыт Ата әуежайын» сенімгерлік басқаруға беру туралы меморандумға қол қойдық. Осылайша халықаралық стандарттарға сай логистикалық хаб қалыптасады.

Әуежай маңынан арнайы экономикалық аймақ құрылды. Бұл маңызды жоба облысымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңа серпін бермек, – деді облыс әкімі.

Үкімет отырысынан кейінгі мәжілісте аймақ басшысы жолаушылар тасымалы саласына жауаптыларға бірқатар тапсырма жүктелді. Сондай-ақ жиында төрт айдың қорытындысымен өңірдің негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері талқыланып, экономика және қаржы басқармасының басшысы Сәкен Мырзабек баяндама жасады. Облыс әкімі өнеркәсіп және өңдеу өнеркәсібі бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен аудан әкімдеріне қатаң тапсырма берді.

Мәжілісте оқу жылын қорытындылау, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру бойынша жауапты басшыларға нақты міндеттер жүктелді.

/// ЕҢБЕК АДАМЫ

ЖАҢА ТЕХНИКА ТӨРТ КҮНДЕ 1 МИЛЛИОН КӨШЕТ ОТЫРҒЫЗДЫ

Кейінгі кездері шаруалар бау-бақша дақылдарын егу ісін жандандырып келеді. Былтыр шіелілік Мұхтар Шохаевтың еккен қызанағы Ресейге тасымалданды. Еліміздің әр өңірінен тапсырыс берушілер көбейіп, мол өнім алды. Қызанағы табиғи, таза болғандықтан сұраныс артты. Бір жағынан органикалық тыңайтқыштарды қолданады. Биыл 35 гектар жерге егін егіп, алғашқы өнімді де жинады. Қазір шаруаның алқабында жұмыс қызу. Біз де орайын тауып, тілдескен болатынбыз.

Дикан көктемге дайындықты ерте бастапты. Наурыз айында алқап басына көшкен. Қазір онда 11 адам еңбек етеді. Науқан кезінде 50-60 адамға дейін барады.

– Биыл да ерте қамдандық. Жалпы 35 гектардың 20 гектарын егіп болдық. Қалған 15 гектарды маусымның 15-не дейін бітіреміз. Қытайдан дән себетін техника алдырдық, төрт күннің ішінде 1 миллион көшет егілді. Техника еңбек өнімділігін арттырып, уақыт үнемдеуге септігін тигізді. Тағы бір тиімділігі, көшет біркелкі отырғызылады. Сәуір айында алғашқы өнім жиналды. Қияр пісіп, келісін 650 теңгеден саудалап жатырмыз. Ал тәтті бұрыш 950-1000 теңге аралығында. Енді маусымның 20-нан бастап қызанақ, қауын секілді өзге де дақылдар піседі. Былтыр да өнім молынан жиналды. Тұтынушылар алқап басынан алып кетті. Жүк көлігіне тиелген қызанақ Ресей мен еліміздің барлық өңіріне жөнелтілді, – дейді Мұхтар Шохаев.



Ол жергілікті тұқымнан бөлек, кейінгі кездері түріктің, Голландия мен Израильден келген өнімді сынап көруде. Былтыр қызанақтың 11 сортын егіп, 50 түрлі сынақ жасады. Нәтижесі жаман емес. Бастысы табиғи тыңайтқыштарды қолданды. Еңбеккер азамат көп ізденеді. Өзі секілді шаруалармен бірге жаңа сорттарды сынақтан өткізеді. Шет елдерде болып, ондағы шаруашылық жайын зерттеп, тәжірибе алмасудан жалықпайды.

6-бет

Валюта бағамы \$ 471,93 kzt

€ 548,43 kzt

₸ 6,61 kzt

Ауа райы: Бейсенбі +29° +16°

Жұма +26° +17°

АЛТЫН ОРДА ЖЫЛНАМАСЫ –



Әлемдік қоғамдастық тарихи жолдауға тауақтанды. Оркениетті таңдау алдындағы сындарлы сәтте ортақ тарихымызды халықтарды біріктіретін фактор ретінде ұсыну үшін беделді, кәсіби ғалымдардың күшін бір арнаға тоғыстырған дұрыс. Бұл орайда тарихқа әділ әрі саяси тұрғыдан бейтарап баға беру маңызды. «Тарихты жеңімпаздар жазалы» деген қағидаттың ғылымға қарсы сипатын ұмытпаған жөн. Яғни жеңімпаздарды жазғыруға болмайды, әлем тарихының төрінен орын алып, зерттеушілердің мақтау-мадағына ие болады. Ал шағын және орта мемлекеттер, соның ішінде майданда жеңіліс тапқан елдер тарихтың тасасында қалады.

Қазақстанда саясаттың пайдасы үшін көпелі халықтарды жабайы, бей-берекет, тарих шеңберінен тыс күш ретінде көрсетіп, қуатты дала империяларын «мемлекет деңгейіне жете алмаған» деп төмендететін ескі догмалар мен қасаң көзқарастарды қайта қарау үдерісі басталып кетті. Бұл ретте біз шынайы тарихнаманы қалпына келтіре отырып, өткенді әсірелеуден аулақпыз. Тарих өзіне тәнті болған жалған әрекеттерді, ортақ мұраны жекелеген халықтың қанжығасына байлап беруді кешірмейді. Кереғарлықтар мен кедергілерге толы бай тарихымызды біржақты түсіндіруге қойылатын талап ғылымның құлдырауына және өзара сенімнің жоғалуына әкелетін тұйыққа тірейді. Сонымен қатар кәсіби тарихшылар қауымындағы «жұмсақ күш» пен ғылыми дипломатияның өкілдері де бар. Олар саясаткерлер қамал тұрғызатын жерде көпір салуға қабілетті. Тарихшылардың миссиясы қазіргі алмағайып кезеңде маңызды болып тұр, – деді Мемлекет басшысы.

Бұл ретте Президент Алтын Орда дәуірі отандық тарихымыздың маңызды бөлігі, сонымен бірге бұл кезеңді ауқымды өркениет парадигмасы тұрғысынан қарастырамыз деп толықтырды.

– Көптеген халықтың тарихи жадында реформаторлар мен көрнекті ойшылдардың қалыпты тіршілігіне қарағанда, билеушілердің жорығы мен дарынды қолбасшылардың ерліктері сақталатынын жоғарыда айтып өттім. Расында, соғыстардағы аңызға айналған жеңістер адамдардың рухын оятады. Ал тағдыршеңті мәні уақыт өте келе байқалатын институционалды жаңашылдықтар мен озық идеяларға көпшілік селт ете қоймайды. Оған әлі күнге дейін Ұлы дала тарихының шексіз шайқастар мен ұрыстар ретінде бұрмаланып көрсетілуі нақты мысал бола алады. Мұндай сынаржақ ұстаным Ұлы даланың, әсіресе, Алтын Орданың күрделі, көп қатпарлы өмір салтын әскери шежірелердің ойдан шығарылған өлшемдеріне салып, тарихи шындықтың алыстады, оқиғаларды көмескілендіре түседі. Қазіргі ғылымның жоғары пәнаралық даму деңгейі Алтын Орда тарихын объективті зерттеу үдерістерін жетілдіруге мүмкіндік береді деп санаймын, – деді Президент.

Мемлекет басшысы осы жиында аталған кезеңді зерттеп жүрген беделді ғалымдар бас қосып отырғанын, осы орайда Алтын Орда тарихын пайымдау перспективасын кеңейтуге көмектесетін бірақтар ғылыми ізденіске байланысты өз ойын қысқаша жеткізгісі келетінін айтты.

– Бірінші. Зияткерлік мұраны зерделеу.

Алтын Орда феноменін мыңдаған жыл бойы Еуразия жүрегінде қалып-

тасқан бай интеллектуалдық кеңістіктен бөліп қарай алмаймыз. Орта ғасырларда Ұлы дала озық идеяларды ұсынған әлемдік орталықтардың біріне айналғаны мәлім. Орталық Еуразиядағы көшпелілер тіршілігінен, түркі-моңғол мұраларынан, ислам дәстүрлерінен және христиан қауым-дәстүрінен тұратын халықтардың дүниетанымдық қағидаттарынан нәр алған ақыл-ойдың құнарлы топырақта қанат жаюы заңды еді. Бұл идеялар эволюциясы үздіксіз жүрген кезең еді. Әр ғасыр Ұлы даланың ақыл-ой кенін байытып, жаңа құндылықпен толықтырып отырды. Осы терең сабақтастықты түйсінбей, Алтын Орданың өркендеу сырын объективті бағалау қиын, – деді Президент. Осы орайда Мемлекет басшысы Алтын Орданың негізі қаланғанға дейінгі кезеңдерде өмір сүрген әйгілі ойшылдардың ғылыми, философиялық, әдеби мұраларының мән-маңызы зор екеніне тоқталды.



– Ең алдымен, тарихта Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атымен мәлім әлемдік философияның негізін қалаушылардың бірі – Әбу Насыр әл-Фарабидің орны ерекше. Ол «Қайырымды қала тұрғындары» трактатында әділдіктен айнымау, білімге құштарлық және адамгершілік қасиеттерді шыңдау арқылы баршаға бірдей игілікке қол жеткізуге болатынын жан-жақты айтқан. Оның ойлары түрік, мұсылман әлеміндегі кейінгі саяси-философиялық дәстүрлерді түсінуге маңызды бағдар болды.

Ұлы даланың зияткерлік мұрасында ғұлама Қожа Ахмет Ясауи тұлғасы дараланып көрінеді. Ол жалпыға ортақ мұсылман құндылықтары мен жергілікті рухани дәстүрлерді үйлестірген «түркілік исламның» бастауында тұрды. Шын мәнінде, ол Ұлы дала халықтарына қазіргі дүниетанымды өзегіне айналған үлгіде жаңа идеологиялық доктрина ұсынды.

Ясауи хикметтері – Ұлы даланың мәдени коды. Ал ғұламаның Түркістандағы кесенесі – ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген нысан. Түркістан шаһары ғасырлар бойы өңірдің басты рухани және саяси орталығы болды. Қазіргі таңда ол түркі дүниесінің қасиетті қарашаңырағы саналады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пайымдауына, Әл-Фараби, Ясауи және басқа да әйгілі ойшылдар ілімінің Алтын Орда тұсында одан әрі даму тусуі заңдылық. Мәселен, түркі тілі, исламның кітаби дәстүрлері мен даланың санғасырлық

даналығы дәл осы кезеңде бір-бірімен біте қайнасып, идеологиялық тұрғыдан ауқымы кеңейді. Бұл Алтын Орда кезеңінің әдебиетінде көрініс тауып, түркі халықтарының сөз өнері қанат жайған кезең ретінде бағаланды.

– Халқымыз үшін Алтын Орда дәуірінен бүгінге дейін жеткен «Ақсақ құлан» күйінің символдық мәні зор. Был күйдің шыққанына 800 жыл толады. Бұл аңыз – домбыраның шанағынан шыққан Ұлы даланың үні, ұлтымыздың рухани байлығы.

Кетбұға, Асан Қайғы, Шалқия және Доспамбет секілді жыраулардың мұрасы біздің аймақта тән дәстүрлі өнер жанрында бүгінге дейін жеткені кездейсоқ емес. Сол кезеңдегі жырауларда (Ер Едіге, Алпамыс, Қобыланды, Ер Тарғын) батырлардың ерлік жолы мен тарихи оқиғалар тізбегі жиі баяндалады. Бұл – қазақ, татар, башқұрт, ноғай, қарақалпақ және басқа да халықтардың ортақ қазынасы. Осы зияткерлік және рухани сабақтастық

– Жошы ұлысының дәуірлеп тұрған кезеңдегі аумағы 6 миллион шаршы шақырымды алып жатты. Тіпті, Рим империясының ең айбынды кезеңінде мұндай жер көлемі болмаған. Кейбір тарихшылардың пікірі бойынша, Алтын Орданың Дала Римі деп аталуы да – осыдан. Бірақ алып империяның қуаты жерінің көлемінде емес, оның институционалды негізі, яғни мемлекеттік басқару жүйесінің мықты болуында еді.

Жошы ұрпақтары Хань немесе Габсбург династиялары секілді ғасырлар бойы, яғни 600 жылдан астам уақыт Ұлы дала төсіндегі түрлі мемлекеттік құрылымдарға билік жүргізді. Бұл Жошы ханның ұрпақтары құрған мемлекет жүйесі тұрақты әрі өміршең болғанын көрсетеді. Соның арқасында әртүрлі этнос пен дін өкілдері тату-тәтті өмір сүрді. Алтын Орда дәуірінде Дала заңы мен ислам құқығының үйлесімді жүйесі қалыптасты. Ал қоғамдық тәртіп қарқынды бастауында Түрік қағанатының құқықтық мәдениеті мен Шыңғыс ханның «Ұлы жасақ» заңы тұрды. Заң үстемдік құрған алып империяның әр түрлі елдерінің және оның мал-мүлкінің қауіпсіздігі толық қамтамасыз етілді. Бұл – қоғамдық тәртіп болды деген сөз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы ретте Президент Алтын Орда заманында озық іс жүргізу жүйесінің болғаны туралы нақты тарихи деректер барын, сондай-ақ Құрылтай институты дала демократиясының бірегей үлгісі ретінде қызмет еткенін атап өтті.

– Ұлыстың әлеуметтік құрылымы айқын әрі тұрақты болса да, қоғамда қатып қалған қағида емес, әділдік басты рөл атқарды. Әскерде және мемлекеттік аппаратта темірдей тәртіпке, мінсіз қызмет пен меритократия қағидалары ерекше назар аударылды. Мұның бәрі алып державаны мекен еткен барлық этнос және түрлі топ өкілдеріне мол мүмкіндік берді. Осылайша, ұтымды ішкі және сыртқы саясаттың арқасында қоғамда тұрақтылық сақталды, мемлекет те өсіп-өркендеді. Алтын Орда Мысыр мемлүктерімен, Ватиканмен, Византиямен, Осман империясымен және Еуропа елдерімен тығыз дипломатиялық байланыс орнатты.

Жалпы, тарихта «Ұлы дүрбелең» деген атпен қалған саяси дағдарыс кезінде де Алтын Орданың мемлекеттік басқару жүйесі сыр берген жоқ, яғни тұрақтылығын сақтап қалды. Бұл жүйені кейін Еуразия аймағындағы көптеген мемлекет басшылыққа алғаны баршаныңға мәлім, – деді Мемлекет басшысы.

Президент ҮШПШШІ өзекті мәселе ретінде Алтын Орданың экономикалық құрылымын жан-жақты зерттеген жөн деп нақтылады.

– Баршамызға белгілі, ежелдегі Месопотамия, Мысыр, Қытай, Үндістан өркениеттері көп жағдайда өзен аңғарларын игеру арқылы қалыптасты. Ал Ұлы дала мүлде басқа тарихи даму жолынан өтті. Осыдан бес мың жыл бұрын қазіргі Қазақстанның солтүстігінде орналасқан Ботай жерінде адам баласы ең алғаш рет жылқыны қолға үйретті. Бұл әлем тарихына түбегейлі жаңа сипат берген оқиға болды. Атақ мінә мәдениетімен қатар дала өркениетінде стратегиялық ойлау қабілеті және мейлінше қолайлы өмір сүру салты пайда болды. Осылайша, Алтын Орда Еуразияның ұлан-ғайыр даласындағы барлық негізгі қолық, сауда және гуманитарлық байланыстарды бақылауда ұстап, салт атты көшпенділер

өркениетінің ең биік шыңына көтерілді. Бұл орайда, көшпенділік пен отырықшылық салтының үйлесім табуы Алтын Орданың тарих сахнасына жарқырай шығуының бірден-бір себебі болды деуге толық негіз бар.

Түптеп келгенде, Алтын Орда көшпенділер өмірін, қаладағы колонер мәдениеті мен сауда жолдарын өзара тығыз байланыста дамыту арқылы тұрақты ақша және салық жүйесі бар, экономикасы дамыған ел ретінде қалыптасты, – деді Президент.

Мемлекет басшысы көптеген беделді ғалымдардың пікірінше, қазір Алтын Орданың ақша жүйесінде мән-маңызы айрықша жаңалықтар ашылып жатқанын алға тартты. Археологтар осы кезге дейін беймәлім болып келген ондаған тиын сарайын тапқан. Мамандардың айтуынша, нағыз орлеу кезеңінде Алтын Орда шамамен 28 миллион күміс тиын соғылған.

– Қазіргі таңда мемлекеттік және жеке қордағы сол дәуірге тиесілі тиындардың жалпы саны бір миллионға жетеді. Қазақстанның ұлттық валютасы – тенге атауы ұлыстың «дан» сөзінен тамыр тартады. «Деньги» сөзінің түбірі де осы ұғымнан тараған болуы мүмкін. Бұған жай ғана лингвистикалық сәйкестік ретінде қарауға болмайды. Бұл – кең-байтақ аймағымызда пайда болған ақша жүйесінің Алтын Орда заманында жасалғанын көрсететін нақты дәлел.

Алтын Орда Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағын түгел бақылауда ұстап, даланы қауіпсіз тасымал дәлізі ретінде дамытты. Жошы Ұлысының аумағы арқылы жыл шымындаған тонна тауар өтіп жатты. Атап айтқанда: Қытайдан – жібек, Үндістаннан – дәм-деуіштер, Ресей жерінен – тері өнімдері, Еуропадан, Таяу және Орта Шығыс елдерінен – колонер бұйымдары тасымалданды. Алтын Орда сол кезеңдегі көптеген мемлекетке қарағанда өз дамуында стратегиялық ашықтық қағидатына берік болды. Бұл ұстаным қалалардың тұрпатынан да анық байқалды. Себебі ұлыс гүлденіп тұрған заманда қалаларды биік қамалмен бейімделіп, дамыды. Бұл тәжірибе дала мен қала арасында қаттығыстар толастамады деген аңыз әңгімелерді түбегейлі жоққа шығарады. Керісінше, осы байланыстар орта ғасырдағы ең онтайлы мемлекеттік үлгісінің негізін қалады.

Алтын Орда дәуірінен қалған қалалардың материалдық-мәдени мұралары – соның айқын көрінісі. Ғалымдардың мәліметіне сәйкес, алып империяның құрамында жүзден астам шаһар болған. Алтын Орда дәуірінде қала тұрғындарының тұрмысын жақсарту үшін озық инженерлік тәсілдер қолданылды. Мұны түрлі археологиялық қазба жұмыстарынан анық байқауға болады. Сол замандағы өндіріс пен құрылыстың қарқынды дамығанын Алтын Ордада жасалған кірпіштердің Ертіс пен Дунай аралығында кенінен қолданылғанынан аңғаруға болады. Еуразияның түкпір-түкпіріндегі іскер адамдардың сауда жасауына, кәсіппен еркін айналысуына қолайлы жағдай жасалды. Осылайша, Жошы ұлысы алғашқылардың бірі болып жаһандық нарық қалыптастырды. Сол арқылы бүкіл аймақтың өсіп-өркендеуіне жол ашты, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев осы арада өз тарапынан ұсынған зерттеу бағыттарымен шектеліп қалуға болмайтындығын да жеткізді.

АДАМЗАТҚА ОРТАҚ ТАРИХ

– Мен сіздер секілді көне дәуірлі зерттеп жүрген тарихшы-ғалым емеспін. Қазіргі таңда Алтын Орданың тарихын тек әскери-саяси тұрғыдан бағалаудан аулақ болып, оның рөлін жаңаша пайымдау керек. Бұл – осы бағыттағы ізденістердің аясын кеңейтуге септігін тигізетін бағдар ғана.

Жошы Ұлысының мол зияткерлік және рухани дәстүрі, тиімді басқару институттары мен дамыған экономикасы болды. Осы алып өркениеттің қыр-сырын толық ашу маңызды. Бұл өткенді ғылыми тұрғыдан қайта зерделеу, сондай-ақ Орталық Еуразия халықтарының мемлекеттік бастауын, біртегілігін және ортақ тарихын терең түсіну үшін қажет, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстан соңғы жылдары ауқымды саяси және экономикалық реформаларды жүзеге асырып жатқанына тоқталды.

– Мұның еліміз үшін аса маңызды және өте жауапты қадам екені сөзсіз. Сондықтан біз алдымызда тұрған міндетті де жақсы түсінеміз: сана өзгермей, қоғам да жаңғырмайды, мемлекет те өркендемейді. Бұл – ақиқат. Соның ішінде тарихи сабақтастықты сақтау мәселесі аса өзекті. Онсыз ешқандай даму болмайтыны анық. Өткенге құрметпен қарамасақ, жарқын болашаққа қарай бет алу да қиын болмақ. Сол себепті біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарай нық сеніммен қадам басамыз.

Жалпыұлттық референдумда қабылданған жаңа Конституцияда мыңдаған жылдарға созылатын тарихи бар Ұлы дала сабақтастығын сақтау кәсіпкерлік парыз екені нақты көрсетілді. Өйткені біз – мемлекет ісінде «Мәңгілік ел» идеясын түткен Алтын Орданың тікелей мұрагеріміз. Алтын Орда мұрасы – ұшан-теңіз. Біз осы алып рухани, тарихи қазынаны ХХІ ғасырға бейімдеп, жаңғырту үшін жүйелі жұмыс жүргізіп келеміз. Менің бастамамен Қазақстанда Жошы Ұлысын зерделеу институты құрылды. Бұл – осы тақырыпты терең зерттеумен айналысатын тұңғыш ғылыми мекеме. Қазіргі таңда әзірленіп жатқан Қазақстан тарихының академиялық жинағында алғаш рет Алтын Ордаға жеке том арналып отыр, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Жошы Ұлысының мол тарихи-мәдени мұрасын жұрт жадында жаңғырту үшін фильмдер түсіріліп, кітаптар шығарылып, спектакльдер де қойылып, ескерткіштер орнатылып, көрмелер өткізіліп жатқанын айтты.



Алайда Алтын Орданың мән-маңызын терең зерделеу, оның тарихи рөлін жан-жақты насихаттау үшін мүлде жана, яғни халықаралық ауқымдағы жұмыс істелуі қажеттігін ала тартты.

– Мен жақында Түркістанда өткен Түркі мемлекеттері ұйымының саммитінде Дала өркениетін дәріптеуге арналған арнайы орталық құруды ұсындым. Соның арқасында қазір біз алдымызға биік мақсаттар қойып, маңызды міндеттерді орындап келеміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы осы ретте атабадан қалған мол мұраны қазіргі заманның құндылықтарымен және озық технологиямен ұштастыру маңызды екенін атап өтті.

– Тарихты зерттеу дегеніміз – өткенмен өмір сүру немесе көнені көксеу емес. Ескіліктің шырмауында қалу – надандық пен қараңғылыққа апаратын жол. Түп-тамырымызды толықанды танып-білу арқылы ұлт дамуының көкжиегін кеңейте түсу қажет. Біз осы қағиданы терең түсіне отырып, жаңа Ата Заңда мәдени мұраларымызды сақтауға, білім мен ғылымды, инновацияны дамытуға айрықша басымдық бердік. Бұл маңызды жұмысты бастап та кеттік.

Мен бір апта бұрын Жасанды интеллектті орта білім беру жүйесіне енгізу туралы арнайы Жарлыққа қол қойдым. Баршаныңға белгілі, қазіргі заманауи технология өмірдің барлық саласына түбегейлі еніп, ауқымды өзгерістерге жол ашып жатыр. Бұл үрдіс адамзат болашағына тікелей ықпал етері анық. Бір сөзбен, озық технология күн сайын аса жоғары қарқынмен дамуда. Бұл – ХХІ ғасырдың ақиқаты. Біз мұны жақсы түсінеміз. Сондықтан заман талабына тез бейімделе алатын зерделі ұрпақ тәрбиелеуге баса мән беріп отырмыз. Бұл бағытта көптеген бастаманы қолға алып жатырмыз, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Кемелұлы биыл тамызда елімізде ЮНЕСКО-ның қолдауымен өтетін жасанды интеллект бойынша халықаралық олимпиадаға 100 елден оқушылар мен студенттер қатысу жоспарланып отырғанын жеткізді. Бұған қоса, елімізде «Дүние-жүзілік көшпенділер ойындары», «Болашақ ойындары» сияқты біртегі жобалар кеңінен дәріптелуде. Сондай-ақ осы жылы күзде Астанада тұңғыш рет AI Film фестивалі өткізілмек.

– Біз жана цифрлық және көлік дәліздерін, мәліметтерді сақтау орта-

лықтарын ашу үшін жүйелі жұмыс жүргізіп жатырмыз. Сол арқылы Ұлы Жібек жолын жаңаша сипатта жаңғыртып, көне ғасырлардағы әйгілі кітапханалардың заманауи нұсқасын ұсынуға мүмкіндік туады. Бұл, шын мәнінде, дәстүр мен жанашылдық үйлесім тапқан озық заманның көрінісі болмақ. Қайталап айтамын: тарихтың дәрістері дамуға бет алған болашақпен үндескенде ғана өркендеу жолына түсеміз. Бұл орайда, Алтын Орданың сан қилы тарихы мен тағдыры мемлекеттердің күш-қуаты түрлі мәдениеттерді нәтижелі гуманитарлық және саяси серіктестіктің бірінғай жүйесіне біріктіре алуынан көрінетінін еске салады. Осы стратегиялық бағытты ұстана отырып, Қазақстан түркі мемлекеттерінің ынтымақтастығын белсенді түрде дамытуды, аймақ елдерінің экономикалық және технологиялық әлеуетін нығайту үшін Еуразия кеңістігіндегі өзара ықпалдастық идеясын ілгерілетуді жан-жақты қолдайды. Мысалы, 2025 жылы ШЫҰ саммитінде «ТрансАлтай диалогы» бастамасын көтердім. Бұл идея Ресейдің «Алтай – түркілердің ата қонысы» тұжырымдамасымен үйлеседі. Жалпы, тарихтан тартыс құралын жасауға болмайды. Тарих халықтардың арасын жалғайтын алтын көпір ретінде әділетті әрі қауіпсіз әлем құруға ықпал етуі қажет. Сол үшін ортақ мүдде жолында күш біріктіріп, бірлесу әрекет етуіміз қажет. Бұл мәселеде ғылыми қауымдастық айрықша рөл атқаратыны анық, – деді Мемлекет басшысы.

Президент осы жиында айтылатын салмақты ойлар мен ұтымды ұсыныстар жана ғылыми еңбектерге, халықаралық жобалар мен экспедицияларға негіз болатынын әрі бұл симпозиумды тұрақты түрде өткізу жоспарлап отырғанын мәлімдеді.

– Сіздер алдағы уақытта да осы маңызды жұмысқа мол үлес қоса бересіздер деп ойлаймын. Баршаныңға тағы да зор алғыс айтамын. Шын мәнінде, бүгінгі симпозиумның тарихи мәні айрықша. Осы маңызды жиынның қорытындысы бойынша арнайы қарар қабылданады. Бұл құжат Алтын Орданың тарихи мен мұрасын зерттеу жұмысына тың серпін береді деп сенемін. Еңбектеріңіз жемісті болсын! – деп түйінді сөзін Мемлекет басшысы.

Қ.ӘБШ

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

БІРЛЕСКЕН ЖОСПАРЛАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Оңтүстік Торғай бассейніндегі кен орындарының қазіргі ахуалы қандай? Мамандардың пікірінше, бүгінде игеріліп жатқан кен орындарының басым бөлігі өндірістің соңғы кезеңінде, қалдық қор қиын өндірілетін санатқа жатады. Бірқатар ұңғымадағы сулану деңгейі 95 пайызға дейін жетіп, бұл өндіріс көлемінің азаюына, жұмыс орындарының қысқаруына әсер етуі мүмкін. Осыған байланысты жаңа перспективалық учаскелерде геологиялық барлау және игеру жұмыстарын күшейту қажет. Атап айтқанда, өткен жылы аяқталған Арал шөгінді бассейніндегі зерттеулер нәтижесінде шамамен 1,1 млрд тонна шартты отын көлеміндегі көмірсутек белгілері анықталған.

Бұл мәселелер кеше облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың «PetroKazakhstan Inc» компаниясының президенті Чэнь Даюмен кездесуінде сөз болды. Кездесуде өңірдегі инвестициялық жобалардың жүзеге асырылу барысы және алдағы бірлескен жоспарлар талқыланды.

Аймақ басшысы компанияның өндіріс әлеуметтік-экономикалық дамуына қосып отырған үлесіне тоқталып, әсіресе, жұмыс орындарын сақтау, өндіріс үдерістеріне заманауи технологияларды енгізу және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету маңызды екенін атап өтті.

Мұның ішінде мұнай компаниялары қызметкерлерінің жалақысы мен еңбек жағдайына қатысты талап-тілектері, еңбек ұжымдарындағы тұрақтылықты сақтау шараларын күшейту жайы талқыланды. Сондай-ақ газ тапшылығының алдын алу үшін кен орындарын игеру, газ құбырларын тарту жобаларын жедел жүзеге асыру, бұл іске компанияның белсенді атсалысуы өте маңызды екені айтылды.

Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған өзара тиімді ынтымақтастық одан әрі нығая береді.

«СБ» ақпарат

/// ТАҒАЙЫНДАУ

ЖАҢА ҚЫЗМЕТ, ТЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Облыс әкімдігінде өткен мәжілісте бірқатар кадрлық өзгерістер таныстырылды. Оның ішінде жаңадан құрылған басқармаларға басшылар тағайындалды. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.



ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының бұйрығымен Қызылорда облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басшысы қызметіне Кенесары Бағбанұлы келді.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев жаңа басшының қызметіне сәттілік тілеп, бірқатар міндет жүктеді.

– Департамент алдында Мемлекет басшысының тапсырмаларын сапалы әрі нәтижелі орындау, заманауи цифрлық мүмкіндіктерді тиімді пайдалану, қоғам мен бизнестің заңды мүдделерін қорғау, өңірдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді жаңа деңгейге көтеру міндеті тұр. Жоғары жауапкершілікті талап ететін күрделі саладағы Кенесары Бағбанұлының білімі мен мол тәжірибесі экономикалық қылмыстарды анықтауға зор үлес қосады деп сенеміз! – деді облыс әкімі.

Кенесары Бағбанұлы 1992 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. 2015 жылы М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін «Заңгер» мамандығы бойынша тәмамдаған. Өр жылдары Алматы қаласының прокуратурасында түрлі жауапты қызметтер атқарған.

2021 жылдан осы уақытқа дейін ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі тергеу департаменті басшысының орынбасары лауазымында абыройлы қызмет атқарып келді.

Жаңадан құрылған балалар құқықтарын қорғау басқармасының басшысы лауазымына Бәкіров Ерлан Әмірханұлы кірісті.



Облыс әкімі Мемлекет басшысының қорғаныш және қамқоршылық органдарының жұмысын реформалау туралы тапсырмасын орындау мақсатында балалар құқықтарын қорғау басқармасы құрылғанын атап өтті. Жаңа салаға, оның басшысына бірқатар маңызды міндет жүктелді.

– Балалардың мүдделерін қорғау саласындағы бірінғай мемлекеттік саясатты іске асыруда тиісті шараларды қабылдауды тапсырамын, – деді аймақ басшысы.

Ерлан Әмірханұлы 1984 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Қазақ гуманитарлық заң университетінде «Заңтану», «Болашақ» университетінде «Экономика» және «Құрылыс» мамандықтары бойынша білім алған.

Өр жылдары Қызылорда облысы әкімі аппараты кадр жұмысы бөлімінің басшысы, облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасы басшысының орынбасары, Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары болған.

2021 жылдан бүгінгі күнге дейін Қызылорда облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары лауазымын абыроймен атқарып келді.

Сондай-ақ тағы бір жаңадан құрылған – туризм басқармасының басшысы Ермеков Дінмұхамед Жандарбекулы таныстырылды.



Жаңа басшыға өңірдегі туризм саласын дамытуға қатысты маңызды міндеттер жүктелді.

– Мемлекет басшысының шетелдік инвесторлардан ел экономикасына қосымша қаржы тарту, отандық туризмді дамыту туралы тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында облыстық туризм басқармасы құрылды. Жаңа басқармаға өңірдің туристік әлеуетін арттыруға бағытталған кешенді жұмысты үйлестіруді тапсырамын, – деді облыс әкімі.

Дінмұхамед Жандарбекулы 1992 жылы Алматы облысында дүниеге келген. Өл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Құқықтану» және «Қаржы» мамандықтары бойынша білім алған. Швейцария бизнес мектебінің «Іскерлік әкімшілік» докторы.

Өр жылдары Инвестициялар және даму, Ұлттық экономика, Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктерінде, Премьер-министр кеңсесінде, Президент Әкімшілігінде жауапты қызметтер атқарған. 2023-2025 жылдары Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары, облыстық дін істері басқармасының басшысы болған. 2025 жылдан бүгінге дейін облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары қызметін абыроймен атқарып келді.

Қызылорда облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы да ауысты. Енді бұл қызметті Нұрлыбек Бимурзаев атқарады. Осыған дейін аталған департамент басшысы қызметін атқарған Сүлейменов Ерқасым Жайбергелулы зейнетке шығып, қажырлы еңбегі үшін облыстың Құрмет грамотасы табысталды.

Облыс әкімі жаңа басшыға әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасына тұрақты



бақылау жүргізуді, негізсіз қымбаттауына жол бермеу жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

Нұрлыбек Шонжарұлы 1970 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген. Қызылорда политехникалық институтында «Есеп және аудит», «Болашақ» университетінде «Құқықтану» мамандықтары бойынша білім алған.

Еңбек жолын Қызылорда облысында инспектор қызметінен бастап, әр жылдары түрлі лауазымдарда еңбек етті.

2018-2023 жылдары Қызылорда, Қостанай облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары, сондай-ақ Алматы қаласы бойынша тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы болған. 2023 жылдан осы уақытқа дейін Қызылорда облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті басшысының орынбасары қызметін атқарды.

Мәжілісте сондай-ақ «ҚазақГаз Аймақ» акционерлік қоғамы Қызылорда өндірістік филиалының директоры қызметіне тағайындалған Шаухаманов Нұрлан Сейілбекұлы таныстырылды.



Облыс әкімі жаңа басшыға өңірді табиғи газбен тұрақты қамтамасыз етуді және газдандырудың жана жобаларын жүзеге асыру бойынша бірқатар тапсырма берді.

Нұрлан Сейілбекұлы 1968 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген. Жамбыл гидрометеорологиялық құрылыс институтында «Инженер-гидротехник» мамандығы бойынша білім алған.

Өр жылдары «Тұран-Петролеум», «Харрикейн Құмкөл мұнай» компанияларында түрлі лауазымдарда болған. 2004-2020 жылдары «Қызылорда Қаз Транс Газ», «Қызылорда газ шаруашылығы басқармасы», «Қаз Транс Газ Аймақ», «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» газ тарату мекемелерінде басшылық қызмет атқарған. 2022 жылдан осы кезге дейін «Қызылорда газ тарату жүйесі» мемлекеттік кәсіпорнының директоры болды.

Жиында Қызылорда облысының прокуроры Ризабек Кәрімұлы жаңадан тағайындалған басшыларға сәттілік тілеп, ізгі лебізін білдірді.

«СБ» ақпарат

/// АУЫЛЫМ – АЛТЫН БЕСІГІМ

Қала іргесіндегі «Қызылжарма» ауылдық округінің тарихы әріден басталады. Ауылдың орталығы бұрынғы «Комсомол», қазіргі «Қызылжарма» ауылы 1929 жылы құрылған. Бүгінде 10 мыңнан астам тұрғыны бар елді мекен көркейіп, өркендеп келеді. Қалаға жақын болғандықтан мұнда көшіп келушілер де көбейген. Сондықтан да ауылдың бас жоспары қайта қаралып, сарапқа түсуде.

Жалпы аумағы 32 мың гектар ауылдық округте жаңадан стадион, мектеп, балабақша салынады. Бүгінде 280 орындық балабақша, екі мектеп, мәдениет үйі бар. Тұрғындар санының көбеюіне байланысты бұл мекемелер көп адамды қамти алмайды. Сондықтан жаңа бас жоспарға сәйкес тағы да мемлекеттік мекемелер салынады.

Ауыл тұрғыны, ақсақалдар кеңесінің төрағасы Молдашбек Ордабаев кезінде Сырдария ауданына қараған «Қызылжарма» тарихынан сыр шертеді.



ҚЫЗЫЛЖАРМА ҚАРҚЫНДЫ ТІРЛІГІМЕН КӨПКЕ ҮЛГІ

– Бұрын барлық шаруашылық нысан жұмыс істеп, жергілікті тұрғындар сол жерде еңбек ететін. Кейін жағдай біршама қиындады. Бірақ тұрғындар жеке кәсіпке тез бейімделіп аяққа тұрып кетті. Міне, өздеріңіз көріп отырғандай, ауылда газ, жарық мәселесі шешімін тапқан. Халыққа қызмет көрсететін мекеме де көбейді, 10 мыңнан астам тұрғын бар. Жыл сайын қоныс аударушы саны артып келеді. Ауызбірлігі мол ауылда қай істі де келісіп, ақылдасып жасаймыз. Бір сөзбен айтқанда, берекелі тіршілік кешіп отырған жайымыз бар, – дейді ақсақал.

Биылғы алғашқы төрт айда инфрақұрылымды жанарту, кәсіпкерлікті қолдау, әлеуметтік қорғау және жер қатынастары салаларында ауқымды жұмыстар атқарылған. Халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып, ауыл келбетін жақсарту мен тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыруға басымдық берілуде.

Инфрақұрылым дамып келеді

Ауылдық округте елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру бағытында біршама жобалар қолға алынған. Осы мақсатқа қалалық бюджеттен 5 млн теңге бөлініп, Бесарна, Тентекөзек және Қоңыртобе көшелеріне түнгі жарық орнатылған. Бұл жұмыстар ауыл көшелерінің қауіпсіздігін арттырып, тұрғындарға қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, жарықтандыру бағанадарын күтіп-ұстауға 45,6 млн теңге қаралып, мердігер мекемелер жұмыс атқаруда. Ауылдың санитарлық тазалығын қамтамасыз етуге де ерекше көңіл бөлінетінін көрініп тұр. Бұл бағытта 20,1 млн теңге бөлініп, санитарлық тазалық жұмыстары тұрақты жүргізілуде.

Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында ауылдағы Ұстабаев көшесінде 22 млн теңгеге балалар ойын алаңының құрылысы басталды. Құрылыс жұмыстарын «Ай-Дан» жеке кәсіпкерлігі жүргізуде.

Жол инфрақұрылымын дамыту бойынша да ірі жобалар бар. Облыстық бюджеттен 14 көшені қайта жаңғыртуға 1 млрд 474 млн теңге бөлінген. Атап айтқанда, Мейірманов, Алмағанбетов, Ділдебаев, Абсадов, Ибраева, Құлжанов, Нақышұлы, Қараарын, Төсбұлақ, Алтықұлаш, Те-



рісқапай, Күркіреуік, Теренсай және Қаратау көшелері жөнделіп жатыр. Жобаны «Қызылорда жолдары» және «Ақжүр Авто» ЖШС жүзеге асыруда. Бұдан бөлек, 67 көшедегі 50 шақырым электр желілерін жаңғыртуға республикалық бюджеттен 1 млрд 915 млн теңге бөлініп, қазіргі таңда «Сәт сервис» ЖШС жұмысы қарқын алған.

Ауыл ішін ақсақалдармен және әкім Шәріп Әбдірахмановпен бірге аралап, әлеуметтік нысандар құрылысымен таныстық. Көшелер тегіс, жаңадан жөнделген, жаяу жүргіншілер жолы да салынған. Әкімнің айтуынша, алдағы кезеңде де жұмыс жалғасады. Жергілікті бюджеттен бөлінетін 12,2 млн теңгеге Батырбаев түйіғы, Бесарна, Тентекөзек және Қоңыртобе көшелеріне тас төсеу жұмыстары жүргізіліп, сондай-ақ орталық көшелерге 40 жол белгісі орнатылып, таңбалар салынады. Бұл мақсатқа 4 млн теңге қарастырылған.

– Автомобиль жолдарының ой-шұңқырларын жөндеуге 3,8 млн теңге бөлініп, ағымдағы жөндеу жүргізіледі. Ал Абай көшесіндегі тағы бір балалар ойын алаңына 22 млн теңге бағытталмақ. Биылғы төрт айда 890 млн 913 мың теңге қаржы қаралып, оның 890 млн 828,2 мың теңгесі, нәтижесінде бюджет қаржысы 100 пайыз игерілді, – дейді ауыл әкімі.

Кәсіпкерлік – ауыл экономикасының қозғаушы күші

Қызылжарма ауылдық округінің жалпы жер көлемі 32 232 гектар, 9426 адам тұрады, белсенді халық саны 6 455 адам, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар саны 1 092 адам болса, ресми жұмыссыздар саны 20 адам.

Шаруасы жылдан-жыл-

ға көркейген елді мекенде ірі кәсіпорындар болмаса да, есесіне шағын кәсіпкерлік жақсы дамыған. Дүкен, монша, шаштараз, кондиционерлік цех, дәрі-хана, оқу орталығы, мейрамхана ашқандар бар. Жастар да кәсіпке машықтанған. Ауылдық округте 406 кәсіпкерлік нысан жұмыс істейді. Оның ішінде 176 мал шаруашылығы, 30 дүкен, 6 тігін, 5 дәнекерлеу цехі, 11 көлік тасымалы, 2 оқу орталығы, 2 жеке балабақша, кондиционерлік цех, мейрамхана, асхана және өзге де кәсіп нысандары бар.

Мемлекеттік бағдарламалар аясында да қолдау көрсетілуде. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы «Іскер» бағдарламасы бойынша 14,2 млн теңгенің 3 жобасының құжаттары жинақталуда. Ал «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржы ұйымы арқылы 10 млн теңгенің бір жобасы комиссия қарауына ұсынылған. Сонымен бірге, жана бизнес идеяларды жүзеге асыруға арналған мемлекеттік гранттар бойынша 15 жоба жоспарланып отыр. «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы арқылы 13,2 млн теңгенің 2 жобасы қолдау тауып, тағы 4 жоба комиссия қарауына жолданған. Кәсіпкерлік дағдыларын арттыру мақсатында «Бизнес-Бастау» оқу курсы аясында 34 ауыл тұрғыны білім алып, сертификат иеленді.

Жалпы алғанда, Қызылжарма ауылдық округінде жүзеге асырылып жатқан жұмыстар ауылдың инфрақұрылымын жаңғыртып қана қоймай, тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыруға, кәсіпкерлікті дамытуға және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған. Алдағы уақытта да жүйелі жобалар кезең-кезеңімен іске аса бермек.

Айсауле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы», Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Әр адам – уақыт перзенті. Ақылы көптің аясы кең болады, тамыры терең шынардың саясы кең болады. Осындай жандардың қатарынан орын алған, еңбегімен елге еленген, сыйластыққа бөленген, құрмет пен абыройға қолы жеткен ардақты жандардың бірі, кішілерге абзал аға, үлкендерге ізетті іні бола білген Әбжәлел Айбосынов 1925 жылы Қазалы ауданында дүниеге келген.

АЛАСАРМАС АБЫРОЙ ИЕСІ



Он жылдық мектепті бітірген соң, жұмыс істеп жүріп аудандық комсомол комитетінің бюро мүшесі болды. «Ел басына күн туып, ер етігімен қан кешкен, ат басына күн туып, ауыздығымен су ішкен» ауыр заманда Қазалы ауданынан 10754 жерлесіміз майданға аттанды. Солардың ішінде Әбжәлел Айбосынов та Забайкальде жапон соғысында радиост болған.

Соғыстан жеңіспен қайтқан жас жігіт өз теңін тауып Қәрима атты қызды жаретті, шаңырағын тіктеп, түгінін түтетіп, ұрпағын көбейтті. Ағайынға адал, дос-тараз жақын болды. Адамға бармақтай бақ керек, қисыны, оралымы келетіндей сәт керек, соны пайдалана қоятындай бап керек. Тыныштықты сақтайтын да, баптайтын да орине, әйел.

Әбекен мектепте мұғалім, директордың орынбасары, директор, аудандық білім бөлімінің 22 жыл басқарды. Қай кезеңде де адамның, қоғамның абыройын асқақтатып жүрген ер еңбегі – бүгін мен келешек үшін өнеге, елге мақтаныш. Еңбек өрге, бедел төрге шығарды деген осы. Әбжәлел аға осындай елге құрметті болумен 65 жасқа келгенде өмірден озды. Шүкір, артында жақсы өнеге мен өсиет сөздері, тәрбиелік мәні бар, айта жүретіндей істері қалды. Ол кісінің тазайындығын, жарамсызды кінәсізін, әдептілігін, кішіпейіл, адамгершілік қасиетін айтып, еске алып жүретін ағайын-туыс, халқы бар.

Білім беру саласында көп жыл қызметтес, ағалы-інілі болып жүргеніме Әбжәлел ағамыз бен Қәрима апамыздың ешкімге де болмасын демеуші, кісінің ақын жемейтін, біреу жайлы әңгіме термейтін, үлкендерге сәлемі түзу, ағайынға адал, Отан қорғау жорығында Забайкальдегер деген құрметті атақ алған, бірге болған жолдастарымен жақсы қарым-қатынаста, жүрген жеріне үлгі, ерекше жаратылған, ішкі мәдениетіне, жан дүниесінің тазалығына тәнті болатын едік.

Төкпен тері елеусіз қалған жоқ. Ұлы Отан соғысының ардагері, «Еңбек Қызыл Ту» ордені мен, бірнеше медальдің иегері, Қазақ ССР-нен еңбегі сінген мұғалім, Халық ағарту

ісінің озаты, республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер.

Әбекен өмірден кетсе де, артында қалған көзі мен еңбегін бағалайтын халқы бар. «Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді» деп Қорқыт ата айтып кеткендей, тегін білу дегеніміз – ру, тайпа, жүз болып бөліну, араға іріткі салып жарылу емес, ұлт болып бірігу, ұлт қамын бірлесіп жасау, күллі қазақ болып намысты қорғау. Әкенің өсиетін ұғынып, ананың қасиетін түсініп өскен бала қор болмайды. Бүгінде олардан өрген немере-шөбере – атасы мен әжесінің жолын жалғаған өрендер. Олар түрлі мамандық игеріп, халқына адал қызмет етуде. Астанадағы кәсіпкер қызы Дина басы, қалған балалары қоштап Әйтеке би кентіндегі өздері өсіп-өнген қарашанырақ орнына Әбжәлел Айбосыновқа арнап музей ашты.

Адам баласы табиғатқа тәуелді болғандықтан, оның тұлғалық ерекшеліктерінің қалыптасуына ең алдымен ата-тегінен дарыған қасиеттері, ата-анасының аялауы мен өскен ортасының ықпалы және өзінің ой-сегісінің көкжиегі, болашағына деген сенімді көзқарасы мен білімге құштарлығы, ұмтылыс жігері мен іскерлік қабілеті мейлінше әсер етеді.

Аталған жұғымды қасиеттердің біріндей аламда ұштасуы мүлде мүмкін емес, олардың ішіндегі ең пайдалысын ұтымды түрде іске асыра білсе, өмірдің қолайсыз ызғарын бәсеңдетіп, мақсатқа жол ашады. Қалдырған қолтаңбасы, ізі тұлғаның қасиеттерінің көз алдымызға елестетіп, ұмытпай еске салуды ескертеді. Өзі дүниеден өтсе де, айтқан сөздері мен тыңғылықты атқарған істері, байсалды мінезі мен биік тұлғаны адамгершілігі ел жандына сақталып қалады. Сондай азаматтарының бірі Әбжәлел Айбосынов болатын.

Жақсы журналист өмірді қайта жандандырады. Әділдікті ашып айтып, кемшілікті орнымен сынап түзеуге жол ашады. Еңбегі сінген ерлерді елдің есіне салып, өскелең ұрпаққа үлгі етіп, өнеге тұтуға жол ашып, тарихтан орын алуға мүмкіндік тудырады. Әбжәлел

Айбосыновтың 100 жылдығына арнап кітап жазылды. Бұл азаматтың атында үлкен көше мен музей бар. Ардагерлер алдасындағы «Елге еңбегі сіңгендер» тақтасында мәрмәр тасқа суреті қашалған.

Әбекен кәсібіне мықты, істеген ісі нақты, бір сөзді, қызметіне берілген, қарамағындағы қызметкерлеріне адал, олардың еңбегін бағалайтын, қадірін білетін әділ басшы болатын. Талапшыл мейірімді, сыпайы, өте тазайын, әдепті, мәдениетті, сабырлы да салмақты, адамның сөзін бұзбай аяғына дейін тыңдайтын. Білім саласын жетілдіру мен жасаған озық тәжірибелері және білімге енгізген жаңалықтары жетерлік. Ол кісі – ауданның өркендеуіне, жастардың біліммен сусынды өсіп-жетілуіне, ұстаздардың сауаты мен білімінің көтерілуіне зор үлес қосқан, әділеттің, кеменгерліктің, біліктіліктің, әдептіліктің, сауаттылық пен адалдықтың, ұяндықтың үлгісін көрсете білген жан.

Тарихты тұлғалар жасайды. Оның білім саласын басқару тәсілі, тәжірибесі, кең жүрекшілігі, мәдениеттілігі, әдептілігі, тазайындылығы да аңызға айналған. Бірге қызметтес болған әріптестерінің аузынан тек қана жақсы лебіз, пікірлерді естумен қалса екен. Ерекшелігі – адамның сөзін аяғына дейін тыңдап, шешімін сол жерде бірден айтатын әділдігі, ешкімді бөлек-жармайтын қайырымдылығы табиғат сыйға берген кеңпейілділігінің бір көрінісі іспеттес. Дана халқымыз «Асыл туған адамның баға жетпес нарқы бар» дейді. Халық – қазы, еңбек – таразы. Білім саласын басқарып отырған басшылар осындай азаматтардың еңбегін елесе екен. «Өзі жақсы адамға бір кісілік орын бар» дейді халық даналығы. Әбжәлел Айбосынов тарихи тізімге енгізетін нағыз қайраткер азамат деп білеміз.

Оразағали БЕКБАНОВ, Қазалы аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, Білім саласының құрметті қызметкері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

«Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшылығының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы органның қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

Р/с	Аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау күні	Қабылдау уақыты	Орналасқан жері	Байланыс телефоны
1.	Сейілов Жанмұрат Жақсымұратұлы	Басшы	Әр аптаның сейсенбі күні	16.00-ден 18.00-ге дейін	Облыс әкімінің қимараты	
2.	Байсынова Ғалия Балтабекқызы	Орынбасар	Әр аптаның сәрсенбі күні	16.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 1 қимарат	8 (7242) 60-53-03
3.	Кұлбаев Ғалымжан Қыдырияұлы	Орынбасар	Әр аптаның бейсенбі күні	16.00-ден 18.00-ге дейін		

Мемлекеттік қызметшілердің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңдары мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі талаптарының бұзылуына жол бермеуі мақсатында «Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8 (7242) 60-53-03 сенім телефоны жұмыс істейді.

ХАБАРЛАМА

«Сырдария-1» КС» ЖШС-нің сенімді өкілі сауда-саттық өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

«Сырдария-1» КС» ЖШС-нің сенімді өкілі: - **Лот №1.** Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Бұхарбай батыр ауылы, Бұхарбай батыр көшесі, 1 үй, мекен-жайында орналасқан, KZ2000006 санды зауыттық нөмірімен, 2020 жылы шыққан, N931AMD нөмірлік белгісімен, трактор Беларусь 2022.3, маркалы;

- **Лот №2.** Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Бұхарбай батыр ауылы, Бұхарбай батыр көшесі, 1 үй, мекен-жайында орналасқан, VLGB877FLM0620583 санды зауыттық нөмірімен, 2021 жылы шыққан, AHD551N нөмірлік белгісімен эксковатор – тиегіш «SDLG B877F», маркалы ауыл шаруашылық техникаларға, бағаны көтеруге, сауда-саттық жүргізіледі.

Сауда-саттық Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 33 үй мекен-жайы бойынша, 04.06.2026

жылы сағат 10:00-де басталады.

Кепілдік жарна бастапқы сату құнынан 10% құрайды, яғни,

Лот №1 бойынша – 1 821 000 (бір миллион сегіз жүз жиырма бір мың) теңге;

Лот №2 бойынша – 2 969 500 (екі миллион тоғыз жүз алпыс тоғыз мың бес жүз) теңге.

Сатып алу бағасы теңгесін сауда-саттық өткізілгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде мынадай деректемелер бойынша төленеді:

«Сырдария-1» КС» ЖШС алушы «Банк Центр Кредит» АҚ БСН: 040 540 001 348 Есеп шоты: KZ028560000000093368 БСК: KSJVKZKX БК: 15

Сенімді өкіл Альмағанбетов Аймырза Сейлханович, телефон 8-701-913-70-01, мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі 33, e-mail: Aimyrza@mail.ru



/// 21 МАМЫР – МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

АСЫЛ ӨНЕРДІҢ АЛТЫН САНДЫҒЫ

Күміс көмей әнші де, дәулескер күйші де, мың бұралған биші де халықтың арасынан шығады. «Ел іші – өнер кеніші» деген халық даналығы осындайда айтылса керек. Бүгінгі кейіпкеріміз Махмуд Әуезов – шежіре тұнған, халықтың асыл мұрасы сақталған алтын көмбелі Жаңақорған топырағының тумасы. Саналы ғұмырын мәдениет пен өнерге шын ықыласпен қызмет етуге арнаған азамат.



Ағамыздың жүрек пен жан тазалығын, тынымсыз ізденіс пен еңбекқорлықты талап ететін өнердегі жолы студент кезінде басталған. Мектепте оқып жүргенде-ақ әнге құмар, өнерге бейім болды. «Қанмен дарыған» дейтіндей мұндай қасиет ата-бабасында да, нағашы жағында да болмаған көрінеді.

– Әкем де, шешем де әнші емес. Әкем колхоз төрағасы болып тұрғанда мен дүниеге келіпін. Қойы қоралас ауылда тұратын ақын-композитор Нартай Бекежановқа ырымдап атымды қойғызып, аузыма түкірткен деседі. Нарекең маған тұмар сыйлапты. Кейін ішіндегі қағазды ауыл молдасына оқытса, онда «менің бағымды берсін, күнімді бермесін» деп арабша жазылған екен. Өртістерді білесіз, қайда думан бар, сонда жүреді. «Күнімді бермесін» дегенде соны айтқысы келген болар деп топшыладым, – дейді ол.

«Әздерің білер Нартаймын» деп сырнайымен саз төгіп, халықтың сүйіспеншілігіне бөленген Сыр саңлағының жолы жерлесіне жұғысты болып, таланты дарыды. Махмуд Әуезов институт қабырғасынан өнерлі жандардың ортасына түсіп, өзін көпшілікке дәлелдеп үлгерді. Өнеріне Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Мұстақым Ысхановтың өзі тәтті болып, қамқорлығына алған.

– Институттың екінші курсында оқымын. Студенттер жазғы демалыста күріш егуге барады. Ал ән-күйге жақын өзін сияқты ұл-қыздар күрішшілерге арналған үгіт бригадасының құрамындамыз. Ол кезде дауыс күшейткіш қолдану түсімізге де кіріп-шықпайды. Дауыс жеткендер ғана ән айтатын уақыт. Облыс орталығында кең көлемде өткен салтанатты жиында диалогтың кең, қай қырынан алсақ та асақ халық әні «Назқоңырды» орындап, Мұстақым Ысханов ағамыздың көзіне түскені бар. Бірақ оның облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы екенінен хабары жоқ. Концерттен соң театр директорының кабинетіне шақырып, қапсыра құшақтады. «Әй, қалқам, сен – бізге берген бақсың, бұл тарих қайталанатын екен. Менің соғысқа кеткен Мұсахан есімді ағам үнемі осы әнді айтып жүретін. Содан кейін бұл әнді не радиодан, не бірде-бір адамнан естімеспін. Сен менің ағамды тірілттің, есімге түсірдің» деп көзіне жас алды. Сол кісі жастығыма қарамай өнерімді жоғары бағалап, кейін маған пәтер берді, – дейді кейіпкеріміз.

Махмуд Әуезов 1965 жылы Қызылорда қаласында Жәністің 20 жылдығына арнап ұйымдастырылған студенттер арасындағы байқауда топ жарып, республикалық кезеңге жолдама алды. Онда да бағы жанып, Ташкентке жолы түсті. Бүкілодақтық өнер додасына КСРО Халық артисі, өзбек эстрадалық музыкасының негізін қалаған әнші Батыр Зәкіров бастаған қазылар алқасы төрелік жасаған. Нәтижесінде байқаудың бірінші

орын иегері атанып, еліміздің абыройын асқақтатты.

– Бұл байқауға қатысуымның өзі хикая. Ана басы Арал, мына шеті Жаңақорған аудандарынан дарынды жастар қатысқан облыстық деңгейден өтпей қалдым. Тек өнерге жанашыр ағамыздың «сенің өнерің лайықты бағалануы керек» деген қолдауының арқасында Алматыға ұрланып барып, республикалық байқауда өнер көрсеттім. Өзімнің бекер келмегенімді дәлелдеу үшін тыңдарманның назарын бірден бұрып өкететін ән орындау қажет болды. Расында, бекер келмеппін. Арнайы барған жерлес әншілер орта жолдан шығып қалып, жеңіс маған бұйырды. Ал Ташкент аспанында Әзербайжанның одаққа даңқы озған бұлбұлы Рашид Бейітов пен өзбекстандық әнші Батыр Зәкіровтың әнін әулеттім. Көрші елдегі ағайын асқан ризашылықпен қошемет көрсетті, – дейді Махмуд Әуезов.

Жастық оты жалындап тұрған шағында ағамыздың алмаған асуы кемде-кем. Әйгілі «Сыр сұлуы» ән-би ансамблінің құрамында Ресей, Болгария, Грузия мемлекеттерінде болып, жүздеген жолынан жаңылмады. Ол – 1965-1970 жылдары еңбек резервтерін даярлау басқармасы жанында ұйымдастырылған «Сыр гүлі» ансамблінің негізін қалағандардың бірі және тұңғыш көркемдік жетекшісі. Өзі қырық жылға жуық еңбек еткен Жаңақорған ауданында 6 өнер ұжымының халықтық мәртебесін алуына мұрындық болды. Біраз жыл Жаңақорған, Сырдария аудандық мәдениет бөлімдерін, Жаңақорған ауданындағы Манап Көкенов атындағы мәдениет үйін басқарды. Өлшекей атындағы өнер мектебінде балалардың талантын танып, жігерін жаныды. Қарт Қаратау жотасында мәдени-көпшілік жұмыстың жандануына, саланың өркендеуіне бір кісідей еңбек сіңірді. Аудан жұртшылығы оны кең диалогтың әнші, дарынды композитор, білікті жетекші ретінде жақсы біледі. Оның репертуарында қазақтың халық әндерімен қатар араб пен сығанның, орыс пен украинның, өзбектің әндері бар. Сазгерлік жолда Әбділла Тәжібаев, Адырбек Сопыбеков, Қомшабай Сүйенішов секілді ақындармен шығармашылық байланыста болды.

Салған әні алты қырдан асатын өнердің өз өкілі бүгінде Қызылорда қаласында тұрып жатыр. Жасы сексеннің сенгіріне шықса да ауласын баққа айналдырып, күнделікті жеміс ағаштарының күтімін жасауға дағдыланған. Өмірлік жары Балапан апа екеуі балаларын қанаттандырып, немерешөберенің қызығын көріп отыр. Тамыр тереңдеген әулеттің мұелі байтөрегі. Өн өнерінің өрнегін бұзбай халыққа жеткізе білген асыл өнердің алтын сандығы.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы».
Суреттерді түсірген
Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

ЕКІ ДӘУІР ТОҒЫСҚАН АЛАҢ

Халықаралық музейлер күніне орай өткен «Музей түні – 2026» атты мәдени-танымдық шарада облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет музей қызметкерлерін мерекемен құттықтап, бірқатарына марапат табыстады.

«Музей – тарих, музей – өмір...» атты кеш барысында мекеме аумағы ұлттық нақыш пен заманауи мәдениетті тоғыстырған үлкен шығармашылық алаңға айналды.

«Дала рухы» этноауылы жасакталып, халқымыздың салт-дәстүрі айшықталса, «Сыр шеберлері» көрме-жәрмеңкесінде колөнер шеберлерінің бұйымдары көпшілік назарына ұсынылды. «Күй керуені» атты музыка кешінде күмбірлеген күй мен ұлттық әуендер, сондай-ақ, «Балаларға бояулы әлем», «Жұлдыздарға саяхат», «Сұрақтар галереясы» секілді көңілді жобалар мен ұлттық ойындар алаңы келушілерге әдемі әсер сыйлағаны байқалып тұрды.



Музейдің экспозициялық залдарын балаларымен бірге аралаған тұрғындар да ерекше әсерге бөленгені анық. Әсіресе, «Музей түні» аясында жасакталған заманауи фотозона жастардың ерекше қызығушылығын тудырып, суретке түсушілер көп болды.

Мәдени-танымдық кешке зиялы қауым, мәдениет саласының қызметкерлері, суретшілер мен колөнер шеберлері, БАҚ өкілдері, студенттер, оқушылар және қала тұрғындары мен қонақтары қатысты.

«СБ» ақпарат

АСПАЗДЫҚ ӨНЕРДІҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ

Жақында Алматы қаласында «Тайказан – 2026» кәсіби шеберлік фестивалі өтті. Оған Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен Павлодар, Маңғыстау, Қызылорда, Абай, Жетісу облыстары және өзге де өңірлерден 100-ден астам өтініш қабылданды.

Қатысушылар аспаздық шеберлік, тігін және дизайн саласы бойынша сынаға түсті. Заманауи стильді ұлттық ерекшелікпен байланыстыру маңызды талаптардың бірі болды.

Қатысушылардың жұмысын Франция, Түркия, Египет, Италия, Ресей, сондай-ақ ТМД елдерінен келген халықаралық сарапшылар бағалады.

Фестиваль студенттердің кәсіби құзыретін дамытуға және заманауи білім беру тәжірибелерін енгізуге оң ықпал етеді. Еліміздің әр өңірінен келген кәсіби аспаздар мен жас мамандар өзара тәжірибе алмасты.

Іс-шараға М.Саламатов атындағы Қызылорда қызмет көрсету және сервис колледжінің өндірістік шебері мен білімгерлері қатысып калды. Фестиваль барысында ұлттық тағамдар, көже дайындау, қазан көтеру дәстүрін жаңғырту, ет асу, бауырсақ пісіру көрермен назарына ұсынылды. Сонымен қатар, заманауи аспаздық бағытта тағамды безендіру, сервировка жасау, тағам сапасын бағалау бойынша байқаулар тартысты өтті. Тәжірибелі аспаздар шеберлік сабақтарын өткізіп, тағам дайындаудың жаңа тәсілдері мен технологияларын көрсетті. Жас аспаздар ұлттық тағамдарды заманауи үлгіде ұсыну арқылы шығармашылық қабілетін танытты. Бұл үрдіс ұлттық асхананың жаңа деңгейге көтерілуіне ықпал етті.

Фестивальдің ерекше тұстарының бірі көпшілікке арналған дәм тату алаңының ұйымдастырылуы болды. Мұнда келушілер қазақтың дәстүрлі тағамдарының дайындалу ерекшелігімен танысты.

Сонымен қатар, колөнер көрмелері мен мәдени бағдарламалар да қатар жүргізіліп, ұлттық құндылықтар кеңінен насихатталды. Аталған іс-шара аспаздық мамандықтың маңыздылығын арттырып қана қоймай, жастардың осы салаға деген қызығушылығын оятты.

«Тайказан» фестивалі аспаздық өнердің дамуына серпін беріп, ұлттық дәмнің ұлықталуына жаңа бағыт сілтеген маңызды жиынға айналды.

Жанар ЕРНИЯЗОВА,
М.Саламатов атындағы Қызылорда қызмет көрсету және сервис колледжінің өндірістік оқыту шебері

/// СПОРТ

НАМЫС пен ЖІГЕР ДОДАСЫ

Қызылордада төрт жылда бір келетін дүбірлі дода – VIII Халық ойындарына іріктеу жарыстары мәресіне жетті. Қала мен аудандардан жиналған кіл мықтылар екі күн бойы өзара бақ сынап, білектің күші мен жүректің жігерін таразыға салды. «Локомотив» стадионында өткен байрақты бәсеке ел ішінде бұқаралық спорттың қанат жайып келе жатқанын тағы бір мәрте айқын аңғартты.

Бұл жолғы жарыстың жөні бөлек болды. Себебі мұнда тек жұлде сарапқа салынған жоқ. Әр спортшы облыс намысын қорғау жолындағы жауапкершілікті терең сезінді. Аудандардан келген қатысушылар ұлттық спорт пен дәстүрлі ойындардағы шеберлігін паш етті. Қазақ күресі, тобықұмалақ, асық ату, қол күресі, гир тасын көтеруден тартысты кездесулер өтті. Сонымен қатар волейбол, баскетбол, кіші футбол, шахмат сынды спорт түрлерінде де бәсекенің қызуы жоғары болды.

Жарыс қорытындысында үздік атанған спортшылар марапатталып, VIII Халық ойындарының республикалық кезеңіне жолдама алды. Енді олардың алдында үлкен сын, маусым айында Түркістан қаласында өтетін республикалық долада Сыр өңірінің абыройын асқақтату міндеті тұр.

Іріктеуден сүрінбей өткен спортшылар тыңғылықты дайындыққа кірісті. Әрқайсысы өз спорт түрі бойынша шеберлігін шыңдап, физикалық және психологиялық дайындықты күшейтуге ден қойған. Өйткені республикалық кезеңде еліміздің түкпір-түкпірінен жиналатын мықтылармен сынаға түсу оңай емес. Сондықтан Сыр спортшылары дайындықтың әр күніне үлкен жауапкершілікпен қарайды.

Халық ойындарының басты ерекшелігі – бұл тек спорттық бәсеке емес, ел ішіндегі ынтымақ пен бірліктің, салауатты өмір салтының айқын көрінісі. Мұнда ауыл мен қала спортшылары бір алаңда бас қосып, достық пен татулықтың туын биік ұстайды. Әсіресе, ұлттық спорт түрлерінің кеңінен насихатталуы жас ұрпақтың рухын көтеріп, ата дәстүрге деген құрметін арттыра түседі.

Сыр спортшылары қай кезде де намысты қолдан бермеген. Бұған дейінгі Халық ойындарында да өңір құрамасы жоғары нәтиже көрсетіп, облыс мерейін үстем еткен болатын. Биыл да спорт жанашырлары мен жанкүйерлердің үміті зор. Түркістан төрінде өтетін байрақты бәсекеде қызылордалықтар жоғары деңгейде өнер көрсетіп, жеңіс тұғырынан көрінеді деген сенім мол.

Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»

ЖАҢА ТЕХНИКА ТӨРТ КҮНДЕ 1 МИЛЛИОН КӨШЕТ ОТЫРҒЫЗДЫ

– Бала кезден егін егіп өстік. Кейін ұстаздық жолды таңдадым. Мектепте мұғалім болдым. Бірақ сол бала күнгі жаныма жақын егіншілікке қайта бет бұрдым. Алғашында картоп егіп бастадым. Бейнеті аз емес. Қара күзге дейін күтім жасалады. 2017 жылдан қызанақ егуге көштім. Жылда бір дақылды еге берсең, уақыт өте келе ол да ескіреді. Құбылмалы

ауа райына қарсы тұра алмай ауырады. Сол үшін жаңа сортты шығаруға, оны бейімдеуге байланысты зерттеу жүргіземін, – дейді ол.

Жер-ананың бабын тауып, шаруасын дөңгеленткен ол ақпан айында есіктің алдына тұқым сеуіп, көшет шығарады. Сәуірде қызанақ егеді. Алқаптың басында жатып, әр түптің ауырмай жетілуін бақылайды. Осылайша тынымсыз еңбекпен алғашқы өнімге қол жеткізеді.



Шаруа 2019 жылы алғашқылардың бірі болып, тамшылатып суару әдісін қолға алды.

– Судан мәселе жоқ. Бастапқы кезде өзіміз тамшылатып суарамыз. Ал сәуір айынан аяқсу келе бастайды. Қолдан келгенше барлық мүмкіндікті тиімді пайдаланып қалуга тырысамыз. Биыл да қызанақтың сұранысқа ие «Ерке F1», «Таня» сорттарын ектік. Бұл – өнімді мол беретін тұқым, дәмді әрі сулы, – дейді дикан.

Шаруа алдағы уақытта шырын өндіретін техника алуды көздеп отыр. Үш түрлі қызанақ сортын сынап көрмекші. Сондай-ақ мемлекет тарапынан берілетін жеңілдіктердің де игілігін пайдалансам деген ниетте. Иә, адал еңбектің жемісті болары анық. Ала жаздай ығынған кетпені түспей, бел жазбай еңбек ететін диканға сәттілік тіледік.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

1-бет

www.facebook.com/syrboi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақ тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» – ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Султан көшесі, 4 «А».

e-mail: syrboi@yandex.kz / www.syrboi.kz

Таралымы 21038

Тапсырыс №847

Кезекші редактор Ержан ҚОЖАС